


Келісемін:  
Директордың оқу-ісі  
жөніндегі орынбасары  
Каренова А.С.  
2023ж.



# ҮЙДЕ ОҚИТЫН БІЛІМ АЛУШЫҒА АРНАЛҒАН КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

Пән: Танымдық даму  
Сынып: 7 «Ә»  
Пән мұғалімі: Бекетаева Б.А

2023-2024 оқу жылы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 93- қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 533-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін  
«Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасы

-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Танымдық әрекеттерін түзету» курсының мақсаты - ақыл-ой кемістіктері бар білім алушылардың танымдық саласы мен потенциалдық мүмкіндіктерін дамыту, Бағдарламаны табысты меңгерулеріне жағдайлар жасау.

3. Пәннің міндеттері:

1) танымдық қызметінің дамуы мен білімдік қажеттіліктерінің ерекшеліктерін анықтау;

2) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жалпы даму деңгейін көтеру және мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

3) танымдық уәждемесін қалыптастыру, сенсорлық-перцептивтік, мнемикалық және зерделік процестерін ынталандыру;

4) білім алушының танымдық белсенділігі мен дербестігін көтеру;

5) айналасындағы болмыстың толықтай және бүтіндей картинасы жайлы білім алушының түсінігін дамыту;

6) қажетті тіл икемділігін қалыптастыру арқылы ақпаратты түсіну, сақтау және оңдеу, адамдармен ақпарат алмасу процесін дамыту;

7) білімдерін, қабілеті мен дағдыларын тиісті жағдайда қолдану икемділігін дамыту;

8) оқу сабақтарға қызығушылығын, жаңа білімдер алуға ынталандыру;

9) білім алушылармен және үлкен адамдармен қатынас жасау қабілетін



дамыту.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәні көрнекі, қолжетімді вербалды материалдар арқылы білім алушылардың айналасындағы әлемді саралай қабылдауын, уақыттық-кеңістіктік бейімделуін, меңгерген логикалық операцияларды (салыстыру, сараптау, синтездеу, қорыту, топтастыру, аналогияларын, заңдылықтарын, себептік-сипаттық байланыстарын табу) қолдануларын қалыптастыруға бағытталады.

5. Оқу-тәрбие процесінде білім алушылардың танымдық және эмоционалдық-тұлғалық даму салаларының кемшіліктерін еңсеруге бағытталаған арнайы педагогикалық тәсілдерін қолдануды қарастырады.

6. Түзеу жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогиканың принциптеріне негізделеді, олардың жүзеге асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

7. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзеу-дамытушылық бағытының принципі оқыту қызметінің арнайы әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асып, ойлау процестерінің еңжарлығы, ойлаудың қорыту және абстракциялық функцияларының әлсіздігі, тілдік дамудың тежелуі ескеріледі.

8. Білім алушылармен жұмыста еліктеу қабілетіне, көрнекі-әрекеттік ойлауының сақталған мүмкіндіктеріне сүйенеді. Танымдық әрекеттерін түзету сабақтарында психикалық функцияларын (қабылдауы, жады, сөйлеу тілі, ойлауы) дамытуға жағдайлар жасалады. Бастаған жұмысын соңына дейін жеткізу, қиындықтарды жеңу, ұқыптылық және дербестік сияқты қабілеттерін жетілдіруге көңіл бөлінеді.

9. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеушілік бағытының принципі тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін азайту немесе жеңу, білім алушыға әлеуметтік өмірде жүріс-тұрыс нормаларын және қарапайым гигиеналық, қатынастық, тұрмыстық, күрделі әлеуметтік дағдыларын меңгерту бойынша арнайы жұмыс жүргізуді қарастырады.

10. Ойлауының, тілінің және қатынасының даму принципі білім алу құралы ретінде жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тілінде, ойлау қабілетінде, қатынасында өзіне тән проблемалары болады, оқытылуы мен әлеуметтендірілуі табысты болуы үшін олардың орны педагогикалық құралдармен толтырылады.

11. Әрекеттік тәсіл принципі жоғары психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлауы), білім алушының өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыруға бағытталған заттық-практикалық іс-әрекет қолдану арқылы іске асырылады.

12. Сараланған және жекелік тәсіл принципі. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды ұжымдық оқыту жағдайындағы олардың түрлі типологиялық



ерекшеліктеріне байланысты келеді, олар оқу материалын меңгеру барысында көрініс алады және алатын білімнің сапасына әсер етеді.

13. «Танымдық әрекеттерін түзету» бағдарламасы түзеу жұмысының үлгілік мазмұнын анықтайды. Бір сыныпта оқитын білім алушылардың оқу қиындықтары мен ақыл-ой деңгейінің түрлі сипатын ескере отырып, бағдарламаның мазмұны балалардың жастары (сыныптары) бойынша қатал регламенттелмейді.

14. Мұғалім түзеу жұмысының мазмұнын білім алушының психикалық даму деңгейін зерделеу нәтижесі бойынша белгілейді.

15. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәні келесі нәтижелерге бағытталған:

1) перцептивтік іс-әрекет тәсілдерін қолдану қабілетін қалыптастыру;

2) ойлау тәсілдерін қолдану қабілетін қалыптастыру (салыстыру, объекттерді топтастыру және іріктеу, кеңістікте бейімделу үшін шартты бейнелердің түрлерін қолдану);

3) ғимарат ішінде бейімделу қабілетін қалыптастыру, өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру және өз іс-әрекетін жоспарлау;

4) талдамалы және бүтіндей қабылдау түйсігін, жаттығулар кезінде түйсіктің константтығын, апперцепциясын және антиципациясын және де осылардың негізінде перцептивтік іс-әрекеті қабілетін дамыту (контурлық, сұлбалық бейнелерді, белгілері өзгертілген заттарды тану қабілеті);

5) әр-түрлі іс-әрекет барысында қалыптасқан қабілеттерін қолдануға үйрету;

6) Бағдарламаны меңгеру табыстылығын қамтамасыз ету.

16. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау процедурасына қойылатын талаптар, осы категориядағы білім алушыларды мектепте оқытудың гуманизациясы (ізгілендіру), табиғи сәйкестілігі идеяларынан туындаған. Оқу жоспарының түзеу компонентіндегі пәндер бойынша оқытылатын білім алушылардың жетістіктерін белгілеу үшін балдық бағалау қолданылмайды. Әр білім алушының жетістіктері өткізілген түзеу жұмысының мақсатымен салыстыру арқылы суреттеледі.

17. Оқытудың деңгейлік мақсатымен белгіленген дағдыларының қалыптасуы бойынша берілген тапсырмалар - бағалау құралдары болып табылады.

18. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктері ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады және оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелерін мұғалім сабақтағы оқу процесі барысында бағалай отырып, жүйелі түрде бақылаушылық бағалаушылық істерін жүзеге асырып отырады.

19. Ағымдық бақылау - білім алушының сабақ кезіндегі жұмысын бақылау, практикалық және өзіндік жұмыстарын, ұжымдық жұмыстарын саралау арқылы жүзеге асырылады. Бақылаудың бұл түрі оқытудың мазмұны мен әдістерін дәлдеу мақсатында жүргізіледі. Және де мұндай бақылаудың білім алушыға қарасты ынталандырушылық және тәрбиелік сипаты болады.



20. Қорытынды бақылау тоқсан, жыл аяғында жүргізіледі де, педагог оқытылатын сыныптың жыл бойғы даму динамикасын сараптайды, білім алушылар жетістіктерінің жиынтық картасына түсіріп отырады.

21. Педагогтың бағалау процедуралары арқылы алған ақпараты, оқу барысында пайда болған қиындықтарға дер кезінде және адекватты тұрғыда жауап табуына және білім алушыға қажетті жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін негізді түрде анықтайды.

22. Сипаттамалық бағалау дамудың нақты деңгейін, білім алушымен жүргізетін кейінгі қадамдарды белгілеп, білім алушыларда өзін-өзі адекватты бағалауды қалыптастырады. Білім алушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстыруға жол берілмей, өздерінің жетістіктерін бұрынғы жетістіктерімен салыстырылады.

23. Танымдық әрекеттерін түзету оқу және түзеу пәндерімен біріктіру арқылы жүзеге асырылады: «Айналадағы әлем», «Жаратылыстану», «География», «Қазақстан тарихы», «Қоғам және заң», «Тәртіп мәдениеті», «Тіл дамуының кемшіліктерін түзеу», «Түзеу ыргағы», «Белсенді-қозғалыстық сипаттағы жекелік және топтық сабақтар».

24. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер, санитарлық-гигиеналық нормалар ескеріле отырып, тиісті дидактикалық және ойын жабдықтарымен жаратандырылады.

25. Сынып жиһаздары жұмыстың түрлері мен формаларын (жеке, топтық) өткізу үшін оңай жылжымалы болуы қарастырылады. Кітап сөрелері мен білім алушылардың жұмыстарын көрсететін стендтер, көрнекі құралдар үшін орындар қарастырылады.

26. Түзеу курсы жүзеге асыру үшін арнайы материалдық-техникалық жабдыкталады, оның ішіне компьютерлік даму ойындары, дидактикалық ойындар, альбомдар мен кітаптар, түрлі фактурадағы материалдар үлгілері, сенсорлық панелдер, муляждар, паннолар кіреді.

### 3-тарау. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

27. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

28. Бағдарламаның мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған бөлімдер, әр сыныпта күтілген нәтижелері түрінде мақсатын қарастыратын, бөлімдерді қамтиды.

29. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге білім алушының

танымдық қызметін дамыту бойынша жұмысын жүйелі жоспарлауға, жетістіктерін бағалауға, оқудың келесі кезеңі жөнінде оларға ақпарат беруіне мүмкіндік береді.

30. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік бейімделуін дамыту»;
- 2) 2-бөлім «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту»;
- 3) 3-бөлім «Зерде аясын дамыту».

31. «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік бейімделуін дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) есту қабілетін дамыту;
- 2) көру қабілетін дамыту;
- 3) кеңістікте бейімделуін дамыту;
- 4) уақыттық бейімделуін дамыту;
- 5) тактильдік-қозғалыстық түйеігін дамыту;
- 6) дәм және иіс сезімін дамыту.

32. «Қимыл-қозғалыс саласын дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ұсақ моторикасын дамыту;
- 2) мимика мен пантомимиканы дамыту.

33. «Зерде аясын дамыту» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жадын дамыту (есту, көру, логикалық, қозғалыстық);
- 2) зейінін дамыту (есту, көру);
- 3) тіл мен ойлау қабілетін дамыту (қатынасын , көрнекілік-әрекеттік, көрнекілік-бейнелік және сөздік-логикалық);
- 4) қиялын дамыту.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

34. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтама арқылы беріледі. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшелер, төртінші сан – оқыту мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодтамасында: «6» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқыту мақсатының нөмірленуі.

35. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) «Сенсорлық процестері мен кеңістіктік бейімделуін дамыту»:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары:				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Есту қабілетін дамыту	5.1.1.1 сыбырлап айтқан сөздерді	6.1.1.1 сыбырлап айтқан сөздерді	7.1.1.1 тыңдау арқылы балалар,	8.1.1.1 музыкалық аспаптард ың	9.1.1.1 таныс әндерді әуен



Сабак	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Өткізілетін күні	Ескерту
1	1. Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	1.1 есту қабілетін дамыту	7.1.1.1 тыңдау арқылы балалар, ерлер және әйелдер дауысын ажырату	1	07.09.2023ж	
2		1.2 Көру қабілетін дамыту	7.1.2.2 айналадағы болмыстан адамдардың, жануарлардың, объектілердің айырмашылығын, ұқсастығын табу	1	14.09.2023ж	
3		1.3 кеңістікте бейімделуін дамыту	7.1.3.2 берілген объектілердің суретін құмда, суда, ауада салу	1	21.09.2023ж	
4		1.4 уақыттық бейімделуін дамыту	7.1.4.1 әр-түрлі сағатпен уақытты анықтау	1	28.09.2023ж	
5		1.5 тактильдік-қозғалыстық түйсігін дамыту	7.1.5.1 қолда немесе арқада жазылған әріптер мен сандарды қайта жазу, қайталау екі жағындағы	1	05.10.2023ж	
6		1.6 дәм және иіс сезімін дамыту	7.1.6.1 иістерді тану және атау ағаш, тері, металл	1	12.10.2023ж	
7	2. қимыл-қозғалыс саласын дамыту	2.1 Ұсақ моториканы дамыту	7.2.1.1 өз алақандарын, саусақтарын уқалау	1	19.10.2023ж	
8		2.2 Мимика мен пантомимиканы дамыту	7.2.1.2 құмда, суда, ауада саусақтармен сурет салу 7.2.2.1 көз қозғалту жаттығуларын жасау	1	26.10.2023ж	
9	3. Зерде аясын дамыту	3.1 Жадын дамыту	7.3.1.1 материалды есте сақтау тәсілдерін қолдану: топтастыру, жоспар, пиктограммалар	1	09.11.2023ж	
10		3.2 Тіл мен ойлау қабілетін дамыту	7.3.2.1 заттарды екі белгісі бойынша рангтеу: түрі және реңі 7.3.2.3 заттарды екі белгісі бойынша топтастыру: формасы және көлемі	1	16.11.2023ж	
11		3.3 Қиялын дамыту	7.3.3.1 сөйлемдерді, әңгімені, ертегіні аяқтау	1	23.11.2023ж	
12		3.4 Зейнін дамыту	7.3.4.1 көру үлгісі бойынша графикалық диктанттар орындау	1	30.11.2023ж	
13	Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	1.1 есту қабілетін дамыту	7.1.1.2 тыңдау арқылы сөйлеу мен әнді ажырату	1	07.12.2023ж	
14		1.2 көру қабілетін дамыту	7.1.2.3 бастырылған бейнелерден әріптерді, сандарды, заттарды тану 7.1.2.4 симметрия өсін сақтай отырып бейненің суретін салып бітіру	1	14.12.2023ж	



15	1.3 кеністікте бейімделуін дамыту	7.1.3.4 бейнелерді көшіру артынша 7.1.3.5 бөлме ішінде көзін жұмып бейімделу	1	21.12.2023ж
16	1.4 уақыттық бейімделуін дамыту	7.1.4.3 уақыт реттілігін түсіну	1	28.12.2023ж
17	1.5 тактильдік-козғалыстық түйсігін дамыту	7.1.5.2 екі жердегі жанасуды шектеу	1	11.01.2024ж
18	1.6 дәм және иіс сезімін дамыту	7.1.6.2 иістерді тану және атау гүлдің косметиканың	1	18.01.2024ж
19	2. қимыл-козғалыс саласын дамыту	7.2.1.3 екі қолмен сурет салу екі қол да оннан солға қарай салады	1	25.01.2024ж
20	2.2 Мимика мен пантомимиканы	7.2.2.2 пантомимиканы арқылы түрлі персонаждарды, іс-әрекеттерді, фильм кейіпкерлерін және сюжеттерін келтіру	1	01.02.2024ж
21	3. Зерде аясын дамыту	7.3.1.3 жатқа тақпақ айту 7.3.1.4 сөздер қатарын келтіру	1	08.02.2024ж
22	3.2 тіл мен ойлау қабілетін дамыту	7.3.2.4 суреттер мен фотосуреттерден адамдардың жасы мен жынысын анықта 7.3.2.6 адамдардың эмоционалдық жағдайын ишаралары мимикалары позалары бойынша анықтау	1	15.02.2024ж
23	3.3 Қиялын дамыту	7.3.3.2 адамдардың іс-әрекетін келтіру	1	22.02.2024ж
24	3.4 Зейін дамыту	7.3.4.3 геометриялық фигуралармен, сандармен корректуралық тапсырмалар орындау 7.3.4.4 берілген ретпен және кері қарай санау	1	29.02.2024ж
25	Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	7.1.2.5 берілген ортада геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу 7.1.2.6 бөліктен күрделі фигуралар құрастыру	1	07.03.2024ж
26	1.3 кеністікте бейімделуін дамыту	7.1.3.7 мектеп маңайындағы көшелерде бейімделу: көшелердің орналасуын қиылыстарын белгілеу және саралау көше қиылыстары 7.1.3.9 көршісіне қарасты өз орнын белгілеу сол жақ -оң жақ, арты-алды	1	14.03.2024ж



27			1.4 уақыттық бейімделуін дамыту	7.1.4.4 өз өміріндегі оқиғалардың реттілігін анықтау кейін одан бұрын	1	04.04.2024ж	
28			1.5 тактильдік-қозғалыстық түйсігін дамыту	7.1.5.3 сипау арқылы бет фактурасы түрлі заттар мен материалдарды ауызша нұсқау бойынша табу	1	11.04.2024ж	
29	2. кимыл-қозғалыс саласын дамыту		2.1 Ұсақ моториканы дамыту	7.2.1.4 саусақтармен фигураларды, әріптерді, сандарды келтіру	1	18.04.2024ж	
30			2.2 мимика мен пантомимиканы дамыту	7.2.1.5 қарындашты парақтан алмай бейнелердің сұлбасын оң және сол қолымен белдеулеу 7.2.2.3 бүкіл денесімен фигураларды, әріптерді, сандарды келтіру	1	25.04.2024ж	
31	1. зерде аясын дамыту		3.3 қиялын дамыту	7.3.1.5 геометриялық өрнекті, суретті, конструкцияны артынша келтіру 7.3.1.6 кимылдарды артынша келтіру	1	02.05.2024ж	
32			3.3 қиялын дамыту	7.3.2.8 жұмбақтар шешу, логикалық есептерді, ой жұмбақтарды шешу 7.3.2.9 дененің сыртқы кеңістікпен қатынасынан болатын сезімдерін суреттеу	1	16.05.2024ж	
33			3.3 қиялын дамыту	7.3.3.3 әдеби шығармаларды театрландыруға қатысу 7.3.3.4 қоғамдық жағдайлардың, әндердің, қойылымдардың мазмұнын түсіну	1	23.05.2024ж	
34			3.4 зейінін дамыту	7.3.4.5 мәтінді қолдау 7.3.4.6 әріптерді берілген реті бойынша және артқа қарай атау 7.3.4.7 сандарды, геометриялық фигураларды белгілі ретпен орналастыру	1	23.05.2024ж	